

ХАТТАМА №3

ПРОТОКОЛ №3

« 29 » 12 2025 ж.

« 29 » 12 2026 г.

Академиялық кеңес отырысы

Төраға - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Жилбаев Ж.О.

Хатшы - Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы Есентуреева Г.Д.

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Шақырылғандар: қатысу парағы бойынша (тізім қоса беріліп отыр)

Кіріспе

Академиялық кеңес төрағасы, Ж.О.Жилбаев: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде үш негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі қаралатын негізгі сұрақтар мен әртүрлі мәселелерге, пікір айту мен талқылауларда регламент сақтауларыңызды сұранамын. Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2025 жылғы университет бітірушілерінің жұмыспен қамтылуын талдау туралы

Спикер: «Talant» апгрейд орталығының басшысы Коразбекова Карлығаш Усипханқызы

2. 3 курстың кәсіптік практикасының қорытындысы туралы

Спикер: «Talant» апгрейд орталығының басшысы Коразбекова Карлығаш Усипханқызы

3 Бітіруші түлек білім алушыларының ПББ (педагог білімін бағалау) сынақ тест нәтижесі туралы

Спикер: Сапаны басқару және білімді бағалау орталығының басшысы Мамырайымов Серікбай Даулетұлы

4 Әр түрлі мәселелер.

4.1 Жасанды интеллект элементтерін оқу процесіне енгізу барысы туралы

Спикер: Академиялық істер департаментінің директоры Бердалиев Даулетбай Турдалиевич

4.2 2025-2026 оқу жылының көктемгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОБӨЖ өткізу кестесін бекіту

Спикер: Академиялық істер департаментінің директоры Бердалиев Даулетбай Турдалиевич

3.4.3 Университет профессор-оқытушыларының баспаға және Ғылыми кеңеске ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

Спикер: Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы Есентуреева Гульмира Джумановна

1. 2025 жылғы университет бітірушілерінің жұмыспен қамтылуын талдау туралы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025 жылы оқу бітірген түлектердің жұмыспен қамтылу көрсеткішін жоспарланған 83,5% деңгейіне жеткізу мақсатында 447 түлекті жұмыспен қамту бойынша жұмыс жандандырылсын.
2. Осы бағытта жұмысты ұйымдастыру төмендегі кафедра меңгерушілеріне жүктелсін:

1. Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру
2. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі
3. Математика
4. Информатика
5. Химия
6. Биология
7. География
8. Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері
9. Ағылшын тілі
10. Аударма ісі және шетел тілдері

Орындалу мерзімі: 2026 жылғы ақпан.

2. 3 курстың кәсіптік практикасының қорытындысы туралы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Кәсіптік практика тапсырмаларын конструктивті үйлесімділік негізінде критериймен бағалауды күшейту.

Жауаптылар: кафедра меңгерушілері, практика жетекшілері.

Орындалу мерзімі: академиялық кезеңмен қатар

2. Кәсіптік практикадан өтпеген 3-курс білім алушыларының қарыздарын өтеуін қадағалау.

Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

Орындалу мерзімі: академиялық кезеңмен қатар

3. Бітіруші түлек білім алушыларының ПББ (педагог білімін бағалау) сынақ тест нәтижесі туралы

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Жилбаев Жанбол Октябрович - Бітіруші түлек білім алушыларының ПББ сынақ тест барлық факультет бойынша айына бір рет өткізіліп тұруы міндетті. Тест онлайн түрде тапсыруға болмайды.

Бітіруші түлек білім алушыларының ПББ (педагог білімін бағалау) сынақ тест нәтижесі туралы мәлімет есепке алуға болады деп есептеймін. Қосымша ұсыныстарыңыз болмаса қаулы жобасына дауыс берейік. Қарсы – жоқ, қалыс – жоқ. Қаулы қабылдансын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2024–2026 жылдардағы бітіруші курс білім алушыларының ПББ сынақ тестілеу нәтижелері назарға алынсын.

2. Бітіруші түлек білім алушыларының ПББ сынақ тест барлық факультет бойынша айына бір рет өткізілсін. Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

4 Әр түрлі мәселелер

4.1 Жасанды интелект элементтерін оқу процесіне енгізу барысы туралы
ыс берейік. Қарсы – жоқ, қалыс – жоқ. Қаулы қабылдансын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Жасанды интелект элементтерін оқу процесіне енгізу барысы туралы мәлімет есепке алынсын.

4.2 2025-2026 оқу жылының көктемгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОБӨЖ өткізу кестесін бекіту

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

2025-2026 оқу жылының көктемгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОБӨЖ өткізу кестесі бекітілсін.

4.3. Университет профессор-оқытушыларының баспаға және Ғылыми кеңеске ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Ғылыми кеңеске:

1. Ағылшын тілі кафедрасының докторанты Д.А.Антонцева, Аударма ісі және шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы А.К.Дильдабекованың «Foreign communicative competence & its development» атты оқу құралын Ғылыми кеңеске ұсынылсын;

2. Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының п.ғ.д., профессор Г.Т.Мұсабекованың «Методы научных исследований» атты оқу құралы Ғылыми кеңеске ұсынылсын;

3. Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының п.ғ.к., доцент м.а. А.Е.Байбатшаева, А.С.Узахованың «Салалық материалтану» атты оқу құралы Ғылыми кеңеске ұсынылсын;

4. Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының п.ғ.к., аға оқытушы А.С.Узахова, п.ғ.к., доцент м.а. А.Е.Байбатшаева, Н.К. Мыңбаеваның «Дизайн және технология» атты оқу құралы Ғылыми кеңеске ұсынылсын.

Баспаға

1. Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының ф.ғ.д., доцент В.Д.Нарожная, ф.ғ.к., доцент М.И.Кадеева және Титов атындағы №20 мектеп-гимназиясының мұғалімі Л.А. Димованың «Историческое комментирование фактов русского языка» атты электронды оқулығы баспаға ұсынылсын;

2. Э.К.Кожабекованың 1) «Физикадан интеграциялық қысқа мерзімді жоспар тақырыптары (8 сынып)», 2) «Физикадан интеграциялық қысқа мерзімді жоспар тақырыптары (10 сынып)», 3) «Физикадан интеграциялық қысқа мерзімді жоспар тақырыптары (11 сынып)» атты оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын;

3. Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының ф.ғ.к., доцент У.К.Абдыхановтың «Современная русская литература (последняя треть XX – первая четверть XXI веков» атты оқулығы баспаға ұсынылсын;

4. Химия кафедрасының доценті А.Битемированың «Жоғары оқу орындарында органикалық химияны оқытудың әдіснамалық және теориялық негіздері» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын;

5. Ағылшын тілі кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессор м.а. Ж.К. Маханованың «Training Future Foreign Language Teachers for Innovative Activity» атты оқу-әдістемелік құралы баспаға ұсынылсын;

6. Ағылшын тілі кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессор м.а. Ж.К. Маханованың «Using Artificial Intelligence in Adaptive Learning» атты оқу-әдістемелік құралы баспаға ұсынылсын;

7. Ағылшын тілі кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессор м.а. Ж.К. Маханованың «Qualitative and fundamental methods of research» атты оқу-әдістемелік;

8. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогика» кафедрасының п.ғ.к., аға оқытушы Р.Ж.Исманованың «Педагогтің кәсіби тұлғалық өзін-өзі дамытуы» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын;

9. Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының п.ғ.д., профессор Қ.Ералиннің «Ежелгі костюм тарихы» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын;

10. Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының п.ғ.д., профессор Қ.Ералин, Е.Рысымбетовтың «Бейнелеу өнерінің образдық тілі» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын.

11. Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының п.ғ.д., профессор Г.Т.Мұсабекованың «Методы научных исследований» атты электрондық оқулығы баспаға ұсынылсын;

12. Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының ф.ғ.к., доценті Г.М.Сыздықованың дайындаған «Ғылым тарихы мен философиясы» атты электронды оқулығы баспаға ұсынылсын.

Бейнедәрістер:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогика» кафедрасының п.ғ.к., аға оқытушы Р.Ж.Исманованың «Мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен отбасы әлеуметтік серіктестігі» пәні бойынша бейне жазба университет сайтына жүктелсін;
2. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогика» кафедрасының аға оқытушысы Г.Т.Танабаеваның «Мектеп жасына дейінгі балаға әдебиеттік білім беру» атты бейнедәрістері университет сайтына жүктелсін;
3. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогика» кафедрасының PhD, аға оқытушысы Ж.А.Мамытбаеваның 6B01201- «Мектеп дейінгі балалардың жас және физиологиялық ерекшеліктері» пәні бойынша бейне жазба университет сайтына жүктелсін;
4. Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының ф.ғ.д., профессор Н.В.Дмитрюк, ф.ғ.к., доцент О.А.Стычева, ф.ғ.к. Е.С.Мезенцева «Культура речи и стилистика» пәні бойынша дайындаған жаппай ашық онлайн курсы университет сайтына жүктелсін;
5. Физика кафедрасының аға оқытушысы Э.К.Кожабекованың «Физика» пәні бойынша дайындаған бейнелециялар жинағы университет сайтына жүктелсін;
6. Арнайы педагогика кафедрасының оқытушысы С.Т. Мамадалиевтің «Арнайы білім берудегі жасанды интеллект» пәні бойынша дайындаған бейнелециялар жинағы университет сайтына жүктелсін;
7. Арнайы педагогика кафедрасының оқытушысы С.Т.Мамадалиевтің «Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогикалық технологиялар» пәні бойынша дайындаған бейнелециялар жинағы университет сайтына жүктелсін;
8. Арнайы педагогика кафедрасының оқытушысы С.Т.Мамадалиевтің «Жалпы білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беру» пәні бойынша дайындаған бейнелециялар жинағы университет сайтына жүктелсін.

Шешімдер мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс

Хатшы

Г.Д.Есентуреева